

35 INTERNATIONAL FASHION EXHIBITION
МЕЖДУНАРОДНАЯ ВЫСТАВКА МОДЫ

SPRING-2025

CAF
CENTRAL ASIA FASHION



10-12 MARCH | МАРТА | НАУРЫЗ 2025

SATEXPO MORE THAN JUST AN EXHIBITION

**Алматыда Орталық Азия сән әлеміндегі басты шара орын алды:
35-ші Central Asia Fashion Spring-2025 Халықаралық сән көрмесі**

Қазақстан, Түркия, Қытай, АҚШ, Польша, Ресей, Беларусь, Өзбекстан, Германия, Франция, Италия, Украина, Литва және Үндістаннан 138 қатысушы компания 40-қа жуық сән тауарларын ұсынды. Іс-шараға Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Әзірбайжаннан 7447 байер қатысты.



Central Asia Fashion Spring-2025 көрмесінің ауқымы

Бүгін де дәстүрге айналған Central Asia Fashion халықаралық сән көрмесі көптеген жылдар бойы әлемнің түкпір-түкпірінен сән индустриясының мамандарын біріктіретін ауқымды іс-шараға айналды. Жыл сайын көрме аясында сән саласының жаңа қажеттіліктері анықталып, олардың шешу жолдары табылуда. Көрменің тарихында алғаш рет CAF көрмесі бірден 3 павильонда орын алды (көрме кеңістігінің жалпы ауданы 10 000 шаршы метрден асты). Көрмеге келушілер болашағы жарқын ынтымақтастыққа жетелейтін түрлі жолдарды ашып, Орталық Азия өңіріндегі ең ірі алаңда іскерлік байланыстарды кеңейту саласындағы ең батыл жоспарларды іске асыру үшін мүмкіндіктерге ие болды. SATEXPO компаниясының директоры Метин Арслан салтанатты ашылу рәсімінде сән индустриясын дамытуға жыл сайын күш пен уақыт жұмсайтын жандарға алғысын білдірді: *«Сіздер сән әлемінің игілігі үшін тынымсыз жұмыс істеп жатырсыздар және бір-біріңізге деген сыйластықтарыңызды білдіріп жатырсыздар, ал бұл дәл қазір өте маңызды дүние. Әлемнің өзгеру қарқыны саланың және Central Asia Fashion көрмесінің алдына қойылатын жаңа міндеттерді айқындайды, ал олар өз кезегінде Қазақстанның барабар даму қарқынын және оның әлемде бәсекеге қабілеттілігінің өсуін қамтамасыз ете алады».*



САТЕХРО компаниясының директоры Метин Арслан

Түркияның Қазақстандағы Бас консулы Еврен Мудеррисоглу 90-жылдардың басында Қазақстан мен Түркия арасындағы тауар айналымының жалпы көлемі шамамен 100 миллион долларды, ал 2024 жылдың соңына қарай 8 миллиард доллардан асатын соманы құрағанын хабарлады: *«Біз ортақ тарихы және мәдениеті бар бауырлас Қазақстанмен жан-жақты ынтымақтастықты белсенді дамытуды жалғастырудамыз және барлық салаларда экономикалық байланыстарды күшейтіп келеміз. Біздің мақсатымыз - екіжақты сауда көлемін 10 миллиард долларға жеткізу».*



Түркияның Қазақстандағы Бас консулы Еврен Мудеррисоглу

Spring-2025 маусымында көрмеге көптеген жылдар бойы сән әлемінің иесі ретінде танылған, саладағы әлемдік трендтерді айқындайтын ел - Италиядан қатысушылар қайта келе бастады. 11 итальяндық компания жаңа коллекцияларын ұсынды. Итальяндық экспоненттердің CAF-қа оралуының бір себебі - халықаралық ынтымақтастықты дамытуға және итальяндық сәннің жаһандық нарыққа шығуына ықпал ететін CENTERGROSS қауымдастығының қолдауы болып отыр. Италия Елшілігінің сауда алмасуын дамыту бөлімінің (ИЧЕ) директоры, Италияның Қазақстандағы және Өзбекстандағы сауда комиссары Марино Кастеллани сән саласы итальяндық және қазақстандық компаниялар үшін тауар айналымының басым бағыттарының бірі болып табылатынын атап өтті: *«2023 жылы Италия Қазақстанға жалпы сомасы 155*

миллион еуродан астам киім мен аяқ киім экспорттады, ал теріден жасалған бұйымдар, сәмкелер және басқа да сәнді аксессуарлар жалпы экспортты 200 миллион еуроға жеткізді. Ал бұл сандар үнемі өсуде. Мұндай ынтымақтастық екі елге де тиімді, өйткені қазақстандық сатып алушыларға қолайлы бағамен жоғары дәрежелі итальяндық сән тауарларына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұған итальяндық сән тауарларын көбірек сата бастаған өсіп келе жатқан қазақстандық бөлшек сауда секторы дәлел болып табылады».



Италия Елшілігінің Сауда алмасуын дамыту бөлімінің директоры Мартино Кастеллани

Central Asia Fashion халықаралық сән көрмесі Euro Shoes-бен серіктестік аясында өткізіледі. Euro Shoes қолдауымен Spring-2025 көктемгі маусымына әртүрлі елдерден 16 аяқ киім компаниясы қатысты. Ресей Ұлттық аяқ киім одағының Бас директоры Ян Беляев бірнеше жыл бұрын осы серіктестік туралы әңгіме қозғалғанын еске салып, ал қазір тұрақты нәтижелерді көруге болатындығымен бөлісті: «Ең ірі салалық іс-шара елдеріміз арасындағы ұзақ мерзімді өзара тиімді экономикалық және сауда байланыстарын нығайтуға ықпал етуге арналған және ол осы міндетті ойдағыдай орындап келеді. Қазақстаннан келген серіктестерімізге ынтымақтастық пен жан-жақты қолдау көрсеткені үшін зор алғысымызды білдіреміз!».



Ресейлік Ұлттық аяқ киім одағының Бас директоры Ян Беляев

2025 Көктем-Жаз трендтері

Central Asia Fashion көрмесінің негізгі тақырыптарының бірі - алдағы маусымның трендтерін егжей-тегжейлі талдау. Сән индустриясының мамандары, дизайнерлер және имидж стилисттері жақын арада өзекті болатын сән бағыттары туралы өз көзқарастарымен бөлісті. Көрме аясында сән трендтеріне, түстердің таңдауларына және капсулалық гардероб жасаудың құпияларына арналған тақырыптық презентациялар, сән көрсетілімдері мен мастер-класстары өтті.



Central Asia Fashion Spring-2025 подиумындағы сән көрсетілімдері

Халықаралық практикаға ие имидж стилисті, концептуалды стилисттер мектебінің жаттықтырушысы және «Style Session» Имидж-стилистер қауымдастығының негізін қалаушы Мади Бекдаир трендтерді ұстанбас бұрын алдымен өзімен танысып, өзінің даралығыңды зерделеген жөн деп санайды: *«Трендтер туралы жай ғана оқып, «оларды бірден өзіңізге кию» - дұрыс шешім емес.*



Концептуалды стилисттер мектебінің жаттықтырушысы және Style Session Имидж-стилистер қауымдастығының негізін қалаушы Мади Бекдаир

Бұл жалпымен араласып кетуіңізге апаратын бірден-бір жол. Өкінішке орай, халықтың 90%-нан астамы өздерінің психотипін, архетипін, мүсін түрін, бет пішінін, сыртқы келбетін білмейді. Ал көп нәрсе осыған байланысты. Сән бағыттарына келетін болсақ, қазір жайлылық пен практикалық, утилитарлық сән өзекті. Біз бәріміз жайлылықты қалаймыз, барлығына күніне 25 сағат және аптасына 8 күн қажет. Бірақ тек спорттық сәнді қуып, джинсыңызды ақ кроссовкамен және үлкен жекетпен үнемі киюіңіз керек дегенді білдірмейді. Мысалы, круиздік стиль - аппақ реңктердің көк, ашық қызыл және алтын түсті аксессуарлармен үйлесуі көптеген интерьерлер мен түрлі жағдайларға жараса кетеді. Бұл зәкір шынжырына ұқсайтын тізбекті элементтер болғаны жөн. Мұндай киімдер көпшілікке жараса кетеді, ыңғайлы және күнделікті күйбен тіршіліктен шаршап қалмай, саяхатта жүргендей сезімге бөлейді».

CAF бизнес бағдарламасы: аналитика, трендтер, сараптамалық пікірлер

Central Asia Fashion көрмесінің ауқымды бизнес-бағдарламасы әр маусымда fashion-индустрия мамандары үшін бірегей білім беру және талдау платформасын қалыптастырады. Оның аясында нарықтың жетекші сарапшылары мен талдаушылары, шығармашылық тұлғалар мен бөлшек сауда өкілдері қатысатын аналитикалық сессиялар, мастер-кларстар, дәрістер мен панельдік пікірталастар өткізіледі. Бұл қазіргі тенденцияларды терең түсінуге, өзекті мәселелерді талқылауға және бизнесті дамытудың тиімді шешімдерін табуға тамаша жағдай жасайды. Сонымен қатар, іс-шара форматы пікір алмасуға, жаңа серіктестіктер орнатуға және кәсіби байланыстарды кеңейтуге ықпал етеді.

Көрменің бизнес-бағдарламасы көктемгі маусымда кемелдік пен дамудың шегі жоқ екенін тағы да дәлелдеді. Үш күн бойы келушілер үшін стилист стенді мен консультациялық орталық жұмыс істеді, онда тәжірибеші-сарапшылар жүйені басқару, дүкенді толтыру, ассортиментті басқару, сату, маркетинг, персоналды оқыту және SMM бойынша тегін жеке бизнес-кеңестерімен бөлісті.

Бизнес-залда және Show area аймағында панельдік пікірталастар, мастер-кларстар және білім беру семинарлары өткізілді. Spring-2025 маусымында бірнеше елдің сарапшыларының қатысуымен 30 сессия өтті.



Show area аймағында үздік сарапшылардың қатысуымен бизнес-сессиялар орын алды

Сапа және мәдени интеграция

Бизнес-бағдарлама аясында Show area аймағында 6 сессия панельдік пікірталас форматында оқыту семинарлары мен іскерлік бағдарламалардың ұйымдастырушысы және модераторы, PROfashion медиахолдингінің іскерлік бағдарламаларының жетекшісі Наталья Миронова өткізді. Ол талқылауға арналған бірқатар тақырыптарды атап өтті: Қазақстанның жеңіл өнеркәсібінің әлеуеті, негізгі трендтері мен өсу нүктелері, сән саласына тиімді инвестициялар, сән индустриясында ілгерілеудің тиімді құралдары,

маркетплейстерде online-сату, fashion-ынтымақтастық және келіссөздердің стратегиялық-тактикалық әдістері. Қазақстанның жеңіл өнеркәсібі мен қазақстандық fashion-брендтердің даму трендтері туралы айта келе, бренд-стратег, «Brand Forma» брендинг агенттігінің негізін қалаушы, Орталық Азиядағы «Pentawards» бірінші алтынының иегері Лейла Каймолданова Қазақстандағы fashion-ритейл әлі де қалағандай деңгейде дамымағанын, сондықтан fashion-брендтермен кейстердің жеткілікті емес екендігін атап өтті: *«Қазақстан нарығындағы және халықаралық нарықтағы негізгі тренд – брендтер өздерінің ұлттық бірегейлігін тауып, белгілі аналогтарды көшірмей, өзіндік өнім жасайтын - мәдени интеграция. Алайда, біздің елде әлі де осындай мысалдар аз. Бренд қалыптастырушыларының көпшілігі сол Италияны, Түркияны саналы түрде көшіреді, арқашан түпнұсқа өнімді ұсына алмайды, ерекшелігін көрсете алмайды, бірегей сауда ұсынысын жасай алмайды. Тағы бір тренд - адамдар көбірек үнемдей бастады және гардеробтың барлық заттарын біріктіруге болатындай етіп капсулалық топтамаларға назар аудара бастады. Сапалы және практикалық киімге сұраныс артып келеді. Алайда, мұндай брендтерді құру үлкен техникалық күш-жігерді, маталармен және үлгілермен жұмыс істеуді талап етеді, ал бұл Қазақстанда fashion-жобаларды іске қосуды біршама қиындатады».*



CAF Бизнес-конференциясы fashion-индустриясы үшін ең өзекті тақырыптарды ашады

Қазақстанның сауда жылжымайтын мүлігін әзірлеушілер одағының төрағасы Дмитрий Ревин барлығына таныс сауда орталықтары қандай болатыны тұрғысында болашақ тақырыбын қозғады: *«Біз болашақтың сауда орталығын инновациялық технологиялар мен экологиялық шешімдерді біріктіретін көпфункционалды кеңістік ретінде көруіміз керек. Сауда үйлері біздің өміріміздің орталығына айналады, олар сауда алаңдарының, демалыс, ойын-сауық аймақтарының симбиозы және адам мен технологияның өзара әрекеттесуін қолдана отырып жұмыс істейтін болады. Тұрақты дамуға - жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын эко-дизайннан бастап қалдықтарды азайтуға дейін - көп көңіл бөлінеді. Болашақтың сауда орталығы - бұл жай ғана сауда қатарлары емес, бұл lifestyle-хаб, адамдар тек сауда жасау үшін ғана емес, сонымен қатар тәжірибе, қарым-қатынас және жайлы демалыс үшін келетін орын».*

Central Asia Fashion халықаралық сән көрмесінің Орталық Азия аймағының сән индустриясына маусымнан маусымға әсері тек қарқын алуда. Көрменің маңызды нәтижелерінің бірі белсенді нетворкинг: алдағы жылдардағы нарық динамикасын анықтайтын жүздеген кездесулер, жаңа серіктестіктер мен ынтымақтастықтар. Central Asia Fashion Spring-2025 көрмесі сән мен бизнесті біріктіретін жетекші платформа мәртебесін қайта растады.

Central Asia Fashion Autumn-2025 және Elite Line-2025 Халықаралық сән көрмесінің күзгі маусымы 28-30 шілдеде өтетін болады. Өтетін орны: Алматы, «Атакент» ҚІБЮ.

Central Asia Fashion және Elite Line көрмелерінің жұмысымен www.fashionexpo.kz және www.eliteline.kz ресми сайттарында және жобалардың әлеуметтік желілерінде толығырақ танысуға болады